



№84 «Кәусар» балабақшасы

**«Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы балалардың
сөйлеу мәдениетін дамыту (зерттеу) жолдары»**

Автор-орындаушы:

Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна



KIKUS әдістемесі

- KIKUS әдістемесі - бұл мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін дамытуға негізделген білім берудің инновациялық әдістемесі. Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін ойын негізінде интерактивті түрде дамыту олардың көтеріңкі көңіл-күймен тиімді білім алуына мүмкіндік береді.
- Ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы тілді меңгерту әдістемесі кез келген ұлт балаларын (соның ішінде ана тілін білмейтін қазақ балаларын) мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалар, не қазақ балабақшаларының іргесінен арнайы топтар ашып, ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы тілін жетілдіру әдісімен білім беру үрдісін атқаруға жол ашады.



Жобаның мақсаты

- Жобаның мақсаты KIKUS методикасын мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік тілге үйрету, сөйлеу мәдениетін дамыту жолдарын балабақшаның білім беру жүйесіне енгізу. Инновациялық білім және тәрбие беруге негізделген әдістеменің бағдарламасы ойын және интерактивті түрде балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, ынталандыруды көздейді.



Жобаның мазмұны

- Бағдарламаның құрылымы мемлекеттік тілге үйрету, сөздік қорды кеңейтуге, фонематикалық есту қабілеті мен сөйлеу тілін дамыту, баланың сөйлеу мәдениетін дамыту және пікірін еркін жеткізуге арналған алуан түрлі жаттығулар мен тапсырмалардан тұрады.
- Бала ойын негізінде ойлай отырып тапсырмаларды зерттейді, өзінше шешім жасайды. Сонда бала еркін ойлы өзіне сенімді, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.
- Бағдарламаның ұйымдастырушылық құрылымы жеке және топтық жұмыстардан және ата-анамен байланыс орнатып ана тілін үйренуді отбасында жалғастыруға жетелеу.
- Біздің балабақшамыздың базасында жүзеге асыруды көздеп отырған инновациялық KIKUS әдістемесі осы мақсатта оң нәтижесін береді деп сенімді түрде айта аламыз.
- Себебі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде білім беріп, тәрбиелейтін мекемеге балаларын әкелуі – болашақтағы қазақ тіліне деген үлкен сенімдерін және біздің тәрбиеші-педагогтерге артылған жауапкершілікті білдіреді.



Эксперименттік алаңның жұмыс істеу және дамыту режимі

- Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін балабақшаларда балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық методикалар мен технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.
- Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған.
- Эксперименттік «Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту (зерттеу) жолдары» бағдарламасын енгізу үдерісі әрдайым тәрбиеші-педагогтермен, балалар және олардың ата-аналарымен орнатылатын кері байланыстың аясында және нәтижелерді талдау негізінде икемделіп, жақсартыла түседі.



Инновациялық қызметінің бағыты

- Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда бала дамуына қажетті жаңа модель енгізіліп, «ойын арқылы оқыту» қағидатының негізін сақтай отырып, тәрбиелеуді ұйымдастыру нысандары, әдістері, тәсілдері мен құралдарын жаңартумен жаңғырту білім беру процесінің ұйымдастыру.
- Сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мазмұнында жаңа, дәстүрлі емес жұмыс түрлері де пайда болды. Елімізде отандық тәрбиемен қатар шетелдік тәрбие жүйесі де қолданылады. Солардың ұсынып отырған инновациялық **KIKUS методикасы** болып табылады.
- Педагогикалық үдерісті құрудың жаңа тәсілі балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Ойын қызметіндегі міндеттердің біртіндеп күрделенуі балаға алға жылжуға және өздігінен жетілуге мүмкіндік береді.



Күтілетін нәтиже:

- Балабақшада KIKUS әдістемесі арқылы балаларды мемлекеттік тілде үйрету, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымының ұйымдастырушылық үдерісін жетілдіру;
- Білім беру және тәрбие беру әдістемесін жетілдіре түсу
- KIKUS әдістемесі арқылы білім беру құрылымын байыту;
- Кәсіби тәрбиеші-педагогтер кадрының өсімі;
- KIKUS әдістемесіне қолжетімділік



Қыркүйек айында балабақшамыздағы ортаңғы және ересек топтар арасында жыл мезгілдері тақырыбы бойынша *«Постер қорғау»* байқауы өтті



Қазан айында «KIKUSәдістемесі негізінде балабақшада инклюзивтік білім берудің жолдары» тақырыбында педагог-тәрбиешілердің шеберлігін жетілдіруге арналған коучинг-семинар өтті.



Қараша айында ортаңғы және ересек топтар арасында тыңдаған кітаптары бойынша «Жарнама жасау» іс-шарасы өтті.



Желтоқсан айында 1. «KIKUS Әдістемесі бойынша балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын дамыту жолы атты коучинг-семинар өтті.



Желтоқсан айында, «KIKUS әдістемесі арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту (зерттеу) жолдары» инновациялық жобасының аясында «Өлең – сөздің патшасы» атты ата-аналар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті



«Қардан жасалған қазақ халқы ертегілерінің кейіпкерлері» атты байқауы



Топта гүлдер отырғызу апталығы



